

"Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 39 ~V950072 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің бұйрығымен бекітілген 1998 жылғы 10 шілде N 62. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 23 шілде N 550 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының К010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

34. "Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 39 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998 жылғы 10 шілдедегі N 62 V980550_ бұйрығы. -----

I бөлімнің 3-тармағында:

үшінші азат жолда:

"пайдалану мерзіміне" деген сөздер "шығарылған жылына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1 жылдан" деген сөз алынып тасталсын;

"пайдалану жылы" деген сөздер "шығарған" жылдан бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"3 жылға дейінгі және 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімде шығарылған

жеңіл көлік құралдарына салынатын салық ставкаларына келтірілген түзету коэффициенттері ТМД елдерінде және басқа мемлекеттерде шығарылған жеңіл көлік құралдарына салынатын салық ставкаларына қолданылады."

II бөлімнің 8-тармағы мынадай мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын:

"Тек ұшу аппараттары (ұшақ, тік ұшақ және т.б.) двигательдерінің қуаты авиатехника, конструкторлық бюро дайындаушы заводтарда айқындалады және "Әуе кемелерін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқамада" көрсетіледі."

Кестеге қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

N	Көлік	Көлік	Көлік	Көлік	Бірлік	Түзету	Салықтың
р/р	құра.	құралы.	құралы.	құралы.	қуатқа	коэффи.	жалпы
	лының	ның	ның	ның	салынатын	циенті	сомасы
	марка.	шыққан	қуаты	саны	салық	(теңге)	
	сы мен	жылы	(кило.	199_ж.	сомасы		
	түрі	ватт)	" ____ "	(теңге)		(4-бағ.	
			_____			x 5-бағ.	
			бірлік			x6-бағ.)	
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескерту: 3 және 7-бағандар жеңіл көлік құралдары бойынша толтырылады.

Жеңіл көлік құралдары бойынша (8-бағ.) салықтың жалпы сомасы мынадай формула бойынша: 4-бағ. x 6-бағ. x 7-бағ. әрбір автомобиль үшін жеке айқындалады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Әдістемелік кеңесінде

келісілді

1998 жылғы 10 шілде, N 34 хаттама

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК